- Қуат бөлігінің, сым мен айырдың сулануын ешқашан болдырмаңыз.
- Рұқсат етілмеген және бір уақытта бірден артық қондырғыны қолданбаңыз.
- Ұсынылатын қолданыс кестесінде көрсетілген максималды мөлшерлер мен жылдамдықтардан ешқашан аспаңыз.
- **Қондырғыны қолданғанда қамтылатын қауіпсіздік нұсқаманы оқып, оны қолданыңыз.**

- Аспапты көтергенде абайлаңыз, ол ауыр. Көтеру алдында бас төмен дұрыс бекітіліп, тостаған, жабдықтар, сыртқы қақпақтар мен сымның қауіпсіз орналасқанына көзіңізді жеткізіңіз.
- Құрылғыны жылжитқан кезде әрқашан тұғырық негізінен және миксер басынан ұстаңыз. Құрылғыны тостаған тұтқасынан көтеруге немесе алып жүруге **БОЛМАЙДЫ**.
- Олардың ыстық болуы мүмкін болғандықтан, ұзақ уақыт қолданған соң табақ құралдарын алған кезде абайлаңыз.
- Балалардың аспаппен ойнамауын қадағалаңыз.
- Тостаған бос болған кезде ешқашан құрылғыны жылу режимінде жұмыс істетпеңіз.
- Шашыраудан қорғау қалқанын ешқашан 5 литрлік тостағанмен пайдаланбаңыз. Шашыраудан қорғау қалқанын тек 7 литрлік тостағанмен ғана қолдануға болады.
- Егер 5 литрлік тостаған 7 литрлік тостағанның ішіне салынған болса, тостаған құралын Стационарлық миксерге орнатпаңыз.
- Нанға қамыр илеу үшін тек 7 л жылыту тостағанын қолданыңыз.
- Желдету саңылаулары арқылы ешқашан ешнәрсе енгізбеңіз.
- Бұл құрылғыны пайдаланған кезде оның жиектен алшақ жерде тегіс беткейге орналастырылғанына көз жеткізіңіз. Оның қабырғадан кемінде 10 см. ұзақтықта және желдету саңылауларының бұғатталмағанына көз жеткізіңіз. Аспалы шкафтардың астына орналастырмаңыз.
- Табақты ешқашан кез келген басқа ыстық көзімен қолданбаңыз.
- Табақтың ішкі жағы қыздыру тоқтатылғаннан кейін де ұзақ уақыт ыстық болады. Ұстаған кезде абай болыңыз және табақты ыстыққа сезімтал беткейлерге қойған кезде жұмыс беткейін қорғайтын төсемені қолданыңыз.
- Өнімде белгіленген  таңба қолданыс барысында ысуы мүмкін болған беткейді білдіреді.

- Араластырғыштың басын бекітілген қондырғымен қозғап көтермеңіз, ас машина тұрақсыз болуы мүмкін.
- Құрылғыны жиіек маңайында жұмыс істетпеңіз немесе жұмыс беткейінен шығып тұратындай етіп қоймаңыз немесе тіркеме орнатылған кезде оған күш түсірмеңіз, себебі бұл құрылғының тұрақсызданып, аударылып кетуіне және нәтижесінде зақым алуға әкелуі мүмкін.
- Бұл құрал олардың құралды қауіпсіз қолдануы туралы нұсқау берілсе немесе басқа адамның бақылауында болса және олардың туындауы мүмкін қауіп туралы түсінігі болса, білімі немесе тәжірибесі жеткіліксіз немесе физикалық, сезу немесе ойлау қабілеті нашар адамдар қолдануға арналған.
- Құралды дұрыс қолданбау нәтижесінде зақым келуі мүмкін.
- Бұл құралды балалар қолданбау керек. Құрал мен оның сымын балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз.
- Максималды мән ең үлкен жүктемені алатын мини чоппер/ұсақтағыш тіркемесіне негізделеді. Өзге тіркемелер азырақ жүтемені алуы мүмкін.
- Құрылғыны тек үй шаруасына байланысты қолданыңыз. Егер құрылғы өз міндетіне сай мақсатта қолданылмаса немесе берілген нұсқаулықты дұрыс сақтамаған жағдайда Kenwood компаниясы ешқандай жауапкершілікті өз мойнына алмайды.
- Бұл құрал сыртқы таймер немесе бөлек қашықтан басқару жүйесі ретінде жұмыс істеуге арналмаған.

#### **Токқа қоспас бұрын**

- Электр көзінің құрылғының төменгі жағында көрсетілгенмен бірдей екенін тексеріңіз.
- **ЕСКЕРТУ: БҰЛ ҚҰРЫЛҒЫНЫ ЖЕРГЕ ТҰЙЫҚТАУ ҚАЖЕТ.**
- Бұл құрылғы тағаммен бірге қолданылатын материалдар мен заттар бойынша 1935/2004 ЕС ережесіне сай келеді.

#### **Алғашқы рет қолдану алдында**

- Бөліктерін жуыңыз: «Күту және тазалау» бөлімін қараңыз.

## Перне

### Қондырғы шығыстары

- ① Жоғары жылдамдық шығысы
- ② Баяу жылдамдық шығысы
- ③ Тостаған жабдығының ұяшығы

### Араластырғыш

- ④ Жоғары жылдамдықты шығысының қақпағы
- ⑤ Араластырғыш басы
- ⑥ Басын босату иінтірегі
- ⑦ Қосу/өшіру қосқышы
- ⑧ Дисплей экраны
- ⑨ Басқару дискісі
- ⑩ Қуат бөлігі
- ⑪ a 7 л. жылыту тостағаны
- ⑪ b 5 л. тостаған
- ⑫ «Bowl Bright™» тостаған ішіндегі көмескі жарық
- ⑬ Баяу жылдамдықты шығыс қақпағы
- ⑭ Температура сенсоры
- ⑮ Жылыту табағы
- ⑯ Желдеткіш саңылауы
- ⑰ К- талқандағыш
- ⑱ Кілегей ұрғышы
- ⑲ Шайқағыш
- ⑳ Қамыр құралы
- ㉑ Қалақша
- ㉒ Бас қалқаны
- ㉓ Шашыраудан қорғау
- ㉔ Ингредиенттерді салу науасының қақпағы
- ㉕ Қамыр қырнауышы


*Ескерту: сомынды бұрайтын кілт тек суреттеу мақсатымен көрсетілген және орамада қамтылмайды.*


## Қосымша қондырғылар

Сіздің ас машинаңызбен қолданылатын бірқатар қосымша қондырғылар бар. Орамадағы қондырғы үндеухатын немесе [www.kenwoodworld.com](http://www.kenwoodworld.com) сайтының қондырғылардың толық қатарын мен орамаға кірмеген қондырғыны қалайша сатып алуға болатынын қараңыз.

### Ескерту: баяу жылдамдық шығысының қондырғылары

Баяу жылдамдық шығысы ас машинаңыздың түрін Бұрау Қосу Жүйесімен ажыратады. Ол Бұрау Қосу Жүйесінің қондырғыларын қолдана алу үшін жасалған.

Баяу жылдамдықты шығысы үшін жаңа қондырғыларды сатып алғанда, ас машинаңызбен үйлесімділігін тексергеніңіз жөн. Барлық Бұрау Қосу Жүйесінің қондырғыларын КАХ деп басталатын өнім коды және сонымен орамада бейнеленген Бұрау таңбасы  арқылы теңдестіруге болады. Қосымша ақпарат үшін [www.kenwoodworld.com/twist](http://www.kenwoodworld.com/twist) қараңыз.

Егер қондырғыларыңыз панельді қосу жүйесіне  сәйкес келсе, онда сізге ас машинаңызда бұрап қосу жүйесін  қолдану үшін орамада қамтылған КАТ002МЕ жалғастырғышын қолдану қажет. *Қосымша ақпарат үшін [www.kenwoodworld.com/twist](http://www.kenwoodworld.com/twist) қараңыз.*

## Асүй комбайнын пайдалану үшін - Қолмен орындау режимі

### **A - I** суреттерін қараңыз

- Жылыту табағының аймағы, температура сенсоры мен тостаған негізінің сыртқы беткейі таза екеніне көз жеткізіңіз. Оны орындамау температура сенсорына әсер етіп, нәтижесінде құрылғы нашар жылытатын болады.
- 1 Қуат кабелін қосып, қосу/өшіру қосқышын басыңыз.
- 2 Миксердің басын көтеру иінтірегін басып, оны құлыптанғанша көтеріңіз.
- 3 Тостағанды орнатып, оны құлыптау үшін сағат тілінің бағытымен бұраңыз.
- 4 Қажетті жабдықты ұяшыққа орнатыңыз. Одан кейін басып жабдықты бекіту үшін айналдырыңыз.
- 5 Араластырғыш басын иінтіректі басып төмендетіңіз және араластырғыш басын бекітілгенше төмендетіңіз.
- 6 Қажетті уақытты, жылдамдықты және жылыту деңгейін орнатыңыз. Үздіксіз жылдамдықтарды пайдалану үшін басқару дискісін сағат тілінің бағытымен, ал араластыру аралықтары мен пульс (P) мүмкіндігін пайдалану үшін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз. Пульсирлеу функциясын белсендіру үшін басқару дискісін басып ұстап тұрыңыз.
- 7 Бастау үшін басқару дискісін басыңыз.
- 8 Құрылғыны кез келген уақытта тоқтату/кідірту үшін басқару дискісін басыңыз.
- 9 Құрал ұяшығындағы құралды құлыптан шығару үшін оны сағат тілінің бағытымен бұрау арқылы босатып, алып тастаңыз.

### **Maңызды**

Басқа шығыстарын қолданғанда тостаған жабдықтары бекітілген немесе тостаған ішінде сақталғанына көзіңізді жеткізіңіз.

## Алдын ала орнатылған бағдарламаларды пайдалану

### **J - L** суреттерін қараңыз

- 1 Алдын ала орнатылған параметрлер мәзіріне кіру үшін саусағыңызбен оң жаққа қарай өткізіңіз.
- 2 Пайдаланғыңыз келген алдын ала орнатылған параметрді таңдаңыз.
- 3 Дисплей экранындағы нұсқауларды орындаңыз.
- 4 Бастау үшін басқару дискісін басыңыз.
- 5 Құрылғыны кез келген уақытта тоқтату үшін басқару дискісін басыңыз. Тостаған ыстық болуы мүмкін болғандықтан, абай болыңыз.

## Жылытқаннан кейін

- Құрылғы жылыту режимінде жұмыс істеп тұрған кезде немесе жылытудан кейін құрылғының қандай да бір бөлшегін, ӘСІРЕСЕ ТОСТАҒАНДЫ, ЖЫЛЫТУ ТАБАҒЫН ЖӘНЕ ҚҰРАЛДАРДЫ пайдаланғанда немесе ұстағанда абай болыңыз, себебі олар құрылғы өшірілгеннен кейін әлі де ұзақ уақыт бойы ЫСТЫҚ болып тұрады.
- Тостағанды алып тастау және тасу үшін оның екі жағындағы тұтқаларын пайдаланыңыз. Ыстық тостағанды немесе ыстық құралдарды ұстаған кезде пешке арналған қолғапты киіп алыңыз.

## Қолмен басқару (тіркемелер)

- 1 Жылдамдығы жоғары жетекті/ Жылдамдығы баяу жетек қақпағын (бар болса) алыңыз.
- 2 Тіркемені берілген арнайы нұсқауларға сәйкес орнатыңыз.
- 3 Қажетті уақытты және жылдамдықты орнатыңыз (L - M суреттерін қараңыз). Іске қосу үшін басқару дискісін басыңыз.

Құрылғыны кез келген уақытта тоқтату үшін басқару дискісін қайта басыңыз.

## Сыртқы қақпақтарын алып тастау және салу үшін

### **Жоғары жылдамдықтағы сыртқы қақпағы**

- 1 Қақпақты алу үшін, бүйіріндегі шетін қолданып, оны жоғары қарай көтеріңіз.
- 2 Орнату үшін қақпақты шығыстың үстіне орналастырып, өз орнына түсіріңіз.

### **Төмен жылдамдықтағы сыртқы қақпағы**

- 1 Қақпақты алып тастау үшін үстіңгі жақтағы тұтқаны қолданып, сыртқа қарай тартыңыз.
- 2 Орнату үшін қақпақты шығыстың үстіне орналастырып, өз орнына итеріңіз.

## Өлшеу функциясын пайдалану үшін

### **M - O суреттерін қараңыз**






- 1 Тостағанды орнатыңыз.
- 2 Өлшеу функциясын таңдау үшін өлшеу экраны пайда болғанша саусағыңызбен солға қарай өткізіңіз.
- 3 Таразыны нөлдеңіз.
- 4 Ингредиенттерді өлшеңіз.
- 5 Өлшем бірліктерін өзгерту үшін өлшеу экранындағы өлшем бірлігі түймесін басыңыз.
































Ескертпе: Өлшеуден бұрын құрылғыны әрқашан құрғақ, тегіс, тұрақты беткейге орналастырыңыз. Өлшеу кезінде миксерге немесе тостағанға күш салмаңыз, себебі бұл таразының дәлдігіне әсер етуі мүмкін. Өлшеу функциясын миксердің басы төменде немесе жоғарыда болған күйде пайдалануға болады. Өлшеу функциясы 6 кг-ға дейін дәл мәндерді қамтамасыз етеді.



## Дисплей экранының түсініктемесі









		
	<p>Параметрлер мәзірін ашу үшін осы белгішені басыңыз.</p>	
	<p>Таңдалған уақытты сағатпен (сағ) және минутпен (мин) көрсетеді.</p>	
	<p>Таңдалған араластыру аралығын көрсетеді. Егер үзікті жылдамдық (2 → 4) таңдалса, сақина үдемелі түрде ұлғайып, құрылғы толған кезде араластыру функциясын іске қосады.</p>	
	<p>Таңдалған жылыту деңгейін көрсетеді. Пульсирленіп тұрған қызыл фон машинаның қызу режимінде екенін көрсетеді. Бірыңғай қызыл фон асүй комбайнының орнатылған жылыту деңгейіне жеткенін білдіреді. Төменге қарай бағытталған үзік-үзік көрсеткі құрылғының салқындап жатқанын білдіреді.</p>	
	<p>Параметрді реттеу мүмкін емес екенін білдіреді.</p>	
	<p>Үзікті түрде араластыру аралықтары мен пульсті қолдану үшін басқару дискісін сағат тіліне қарсы бағытта бұраңыз. Үздіксіз жылдамдықтарды пайдалану үшін басқару дискісін сағат тілінің бағытымен бұраңыз.</p>	

<b>Жылыту бойынша кеңестер</b>		
Жылыту деңгейі	Ұсынылатын қолданыс	
1	Жұмсарту	
2	Толықсыту	
3		
4		
5	Швейцариялық меренга	
6	Шоколадты еріту	
7		
8		
9	Сабайон	
	(P)	Пульсирлеу — максималды жылдамдықтың қысқа мерзімді толқулары үшін таңдаңыз. Пульсирлеу параметрін пайдалану үшін басқару дискісін басып ұстап тұрыңыз.
	 1	Үздіксіз араластыру — миксер тұрақты баяу жылдамдықта жұмыс істейді. Жеңіл ингредиенттерді ауыр қоспалармен араластыру үшін, мысалы, меренгаларды, жеміс десерттерін және женуаз бөліштерін жасап, оларға баяу ұн мен жемістерді қосу үшін қолданылады.
	 2	Араластыру аралығы 2 — қысқа мерзімді кідірістермен үздіксіз түрде араластыру. Бұл жылдамдыққа орнатылған кезде әр 5 секунд сайын аралықты түрде баяу жылдамдықта жұмыс істейді.
	 3	Араластыру аралығы 3 — орташа кідірістермен үздіксіз түрде араластыру. Бұл жылдамдыққа орнатылған кезде әр 15 секунд сайын аралықты түрде баяу жылдамдықта жұмыс істейді.
	 4	Араластыру аралығы 4 — ұзақ кідірістермен үздіксіз түрде араластыру. Бұл жылдамдыққа орнатылған кезде әр 30 секунд сайын аралықты түрде баяу жылдамдықта жұмыс істейді.
	Мин. — макс. жылдамдық	Біртіндеп максималды шамаға дейін ұлғаятын үздіксіз жылдамдықтар.

Алдын ала орнатылған параметрлерді пайдалану кестесі				 <b>(Макс.)</b>	
Алдын ала орнатылған параметр	Ұсынылатын құрал	Әдепкі параметрлер (реттеуге болатын)	Рецепт идеялары / қолданыстар	5 л.	7 л.
Қамырды көтеру		 <b>1 сағат</b> (5 минут - 2 сағат)  <b>ӨШІРУ</b>   <b>2</b>	Ашытқы қосылған қамырды көтеру		2,58 кг. Жалпы салмағы
Шоколадты еріту		 <b>10 минут</b> (5 минут - 2 сағат)   <b>1</b>   <b>7</b>	Шоколадты мусс		300 г. (2 см. бөліктерге бөліп кесіңіз)
Швейцариялық меренга		 <b>10 минут</b> (1 минут - 20 минут)  <b>Макс.</b>  <b>4</b>	Сары май кілегейінен жасалған глазурь негізі		240 г. жұмыртқа ақуызы 480 г. қант ұнтағы 80 г. су
Жұмыртқа ақуызын ұрып шайқау		 <b>2 минут</b> (15 секунд - 5 минут)  <b>Макс.</b>  <b>ӨШІРУ</b> 	Шоколад мусы үшін жұмыртқа ақуызы		Ұсынылған қолданыс кестесін қараңыз
Бисквитті бөліш		 <b>1 минут</b> (30 секунд - 5 минут)  <b>1 - Макс.</b>  <b>ӨШІРУ</b> 	«Виктория» бисквитті бөліштері		Ұсынылған қолданыс кестесін қараңыз
Қамыр Илеу - Нан қамыры (ашытқы қосылып, қатты иленген)		 <b>5 минут</b> (5 минут - 30 минут)  <b>Мин. 1-ге дейін</b> (мин. - 2)  <b>ӨШІРУ</b> 	Тоқаштар, пицца		Ұсынылған қолданыс кестесін қараңыз

## Ұсынылған қолданыс сызбасы


**Бұл тек нұсқаулық ретінде берілген және өңделетін нақты рецепт пен ингредиенттерге байланысты әр түрлі болады.**

	<b>К- талқандағыш</b> Торт, печенье, кондитерлік өнімдер, глазурь, салма, эклер және картоп пюресін жасауға арналған.				
	<b>Пайдалы кеңестер</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ингредиенттерді шашыратпас үшін, жылдамдықты жүйелі арттырыңыз.</li> <li>• Ингредиенттерді толығымен араластыру үшін, араластыруды тоқтатып, тостағанды қалақшамен жиі қырып отырыңыз.</li> <li>• Рецептте басқаша көрсетілмесе, пастаға суық ингредиенттерді пайдаланыңыз.</li> </ul>				
<b>Рецепт / процесс</b>		 <b>(Макс.)</b>			 <b>(Минуттар)</b>
		<b>5 л. тостаған</b>	<b>7 л. тостаған</b>		
Паста және бисквиттер — етті ұнға салу	Ұн салмағы	500 г	910 г	Мин → 1	2
Барлығы бір кексте араласады	Жалпы салмағы	2 кг	4kg	Мин → Макс	45 - 60 сек
	<b>Кілегей ұрғышы</b> Кілегей жасауға және жұмсақ ингредиенттерді араластыруға арналған				
	<b>Пайдалы кеңестер</b> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Ингредиенттерді шашыратпас үшін, жылдамдықты жүйелі арттырыңыз.</li> <li>• Кекс қанты мен тұнған майды араластырған кезде майды үнемі бөлме температурасында пайдаланыңыз немесе оны жұмсартыңыз.</li> </ul>				
<b>Рецепт / процесс</b>		 <b>(Макс.)</b>			 <b>(Минуттар)</b>
		<b>5 л. тостаған</b>	<b>7 л. тостаған</b>		
Тұнған май/маргарин және қант		1,79 кг	4,55 кг	Мин → Макс	2
Жұмыртқа мен кекс қоспасын шайқау				Мин → Макс	1 - 4
Ұн, жеміс, т. б. қосу				Мин → 1	30 - 60 сек

Қолданылған жұмыртқа өлшемі = орташа өлшемі (салмағы: 53-63 г).

## Ұсынылған қолданыс сызбасы

**Бұл тек нұсқаулық ретінде берілген және өңделетін нақты рецепт пен ингредиенттерге байланысты әр түрлі болады.**





### Шайқағыш

Жұмыртқаларға, кілегейге және суфлелерге арналған.

### Маңызды

- Ингредиенттерді шашыратпас үшін, жылдамдықты жүйелі арттырыңыз.
- **Ауыр қоспаларды араластыру (мысалы, кілегей мен қамыры бір тостағанда әзірленетін торттар және май мен қанттан жасалатын кілегей) үшін шайқағышты пайдаланбаңыз, себебі ол зақымдалуы мүмкін.**
- Жұмыртқа бөлме температурасында болған кезде үздік нәтижелерге қол жетеді.  
Жұмыртқа ағын шайқау алдында шайқағышта немесе тостағанда май немесе жұмыртқа сарысы жоқтығына көз жеткізіңіз.

Рецепт / процесс	 (Макс.)			 (Минуттар)
	5 л. тостаған	7 л. тостаған		
Жұмыртқа ағы	8 (280 г)	16 (560 г)	Мин → Макс	1½ - 2
Майсыз спонждар	620 г	930 г		4-6
Қаймақ	0.5L	2L		1½ - 3
Құймақ майы	250 г Ұн 500 г Сүт 200 г Жұмыртқа		Мин	10 сек
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сулы ингредиенттерден кейін тостағанға ұн қосыңыз.</li> <li>• Ингредиенттерді біріктіру үшін минималды жылдамдықта араластырыңыз.</li> </ul>			Макс	45-60 сек
Майонез	2 Жұмыртқа сарысы 10 г Қыша 200 мл Көкөніс майы		Макс	1 – 1½
<ul style="list-style-type: none"> <li>• Үздік нәтижелерге қол жеткізу үшін, майды қосқаннан кейін тостағанды қырып, макс жылдамдықта қосымша 10 сек іске қосыңыз.</li> </ul>				

Қолданылған жұмыртқа өлшемі = орташа өлшемі (салмағы: 53–63 г).

**Қолданылатын көпіршітілген кілегей = Құрамында ең аз 38% майы бар балғын көпіршітілген кілегей.**

## Ұсынылған қолданыс сызбасы

**Бұл тек нұсқаулық ретінде берілген және өңделетін нақты рецепт пен ингредиенттерге байланысты әр түрлі болады.**



### Қамыр құралы

Ашыған қамыр қоспаларына арналған

### Кілегей ұрғышы

#### Маңызды

- **Көрсетілген максималды сыйымдылықтардан асыруға болмайды, себебі машинаға артық жүк салынуы мүмкін.**
- Машинаның қиын жұмыс істеп жатқанын естісеңіз, оны өшіріп, қамырдың жартысын шығарып, әрбір жартысына бөлек-бөлек істеңіз.
- Бірінші сұйықтық құйсаңыз, ингредиенттер жақсы араласады.

#### Ашытқы

- **Кептірілген ашытқы** (қайта жасауға қажет түрі): тостағанға жылы су құйыңыз. Одан кейін ашытқы мен қант қосып, көбіктенгенше шамамен 10 минутқа қалдырыңыз..
- **Таза ашытқы:** ұнға аунатыңыз.
- **Ашытқының басқа түрлері:** өндіруші нұсқауларын орындаңыз.

Рецепт / процесс		 (Макс.)			 (Минуттар)
		7 л. тостаған			
		Мин	Макс		
Нан қамыры (жақсы ашыған)	Жылы су	195 г	895 г	Мин 1	60 сек 3-4
	Қатты бидайдан жасалған ақ ұн	350 г	1,6 кг		
	Тез әрекет ететін ашытқы	6 г	25 г		
	Шошқа майы	10 г	30 г		
	Тұз	3 г	16 г		
	Жалпы салмағы	564 г – 2,56 кг		Қайта илеу 1-жыл-дамдық	60 сек
Жұмсақ ашыған қамыр (маймен және жұмыртқамен байытылған)	Ұн салмағы	250 г – 1,6 кг		Мин 1	60 сек 3-4
	Жалпы салмағы	478 г – 3,1 кг			
				Қайта илеу 1-жыл-дамдық	60 сек

Қолданылған жұмыртқа өлшемі = орташа өлшемі (салмағы: 53-63 г).

## Кілегей ұрғышын құрастыру үшін

### **P - R** суреттерін қараңыз

#### **Тазалағыш алмасты орнату**

- Тазалағыш алмас орнатылған күйде жеткізіледі және тазалаудан бұрын оны әрқашан алып тастау қажет.
- 1 Тазалағыш алмас негізін ұяшыққа орналастыру арқылы икемді тазалағыш алмасты абайлап орнатып, ұшын өз орнына жәймендеп ілістіргенше бір жағын жырақшаға орнатыңыз. Екінші жағында да дәл осы әрекетті қайталаңыз.

## Bowl Bright™ (Тостаған ішіндегі көмескі жарық) мүмкіндігін пайдалану үшін

- Ас үй құрылғысы миксер механизмінің төменгі жағында орналасқан табақта жарықтандыру мүмкіндігімен жабдықталған.
- Тостаған шамын ҚОСУ/ӨШІРУ үшін параметрлер мәзірінде BowlBright таңдап, ҚОСУ/ӨШІРУ пәрменін таңдаңыз.

## Шашырау қорғанысын бекіту мен қолдану

### **S - T** суреттерін қараңыз

Ескертпе: Шашыраудан қорғау қалқанын тек 7 л. тостағанмен ғана пайдалануға болады.

#### **Жинау үшін**

Шашырау қорғанысын жинау екі бөліктен тұрады: бас қалқаны 22 және шашыраудан қорғау 23.

Шашырау қорғанысы тостағанға бас қалқанды алмайынша бекітілмейді.

- 1 Араластырғыш басын бекітілгенге дейін көтеріңіз
- 2 Бас қалқанды жоғарыда араластырғыш басының астында толық орналастырып бекітіңіз.
- 3 Тостағанды негізге орналастырыңыз.
- 4 Араластырғыш басын төмендетіңіз.
- 5 Шашырау қорғанысын тостаған шетіне толықтай орналастырып, алға қарай жылжытыңыз.
- Араластыру кезінде құрамдас бөліктер тостағанға тікелей жүктеу астауы арқылы қосыла алады.
- 6 Шашырау қорғанысын алу үшін оны жай ғана араластырғыш тостағаннан жылжытыңыз.
- 7 Бас қалқанды алу үшін араластырғыш басын бекіткенінше көтеріңіз. Егер бекітілген жабдық болса, оны алып тастаңыз, одан кейін бас қалқанды араластырғыш басының астыңғы жағынан төмен қарай тартыңыз.

Ескерту: араластырғыш басы бекітілген күйде болғанда шашырау қоғанысын бекітіңіз немесе алып тастаңыз.

**Біз бас қалқанның әрдайым араластырғыш басынан алынып, жуынуын ұсынамыз.**

## Жабдықты реттеу

### **U** суретін қараңыз

#### **К ұрғышы, шайқағыш және кілегей ұрғышы**

Жабдықтар зауытпен қамтылған тостағанға дұрыс биіктікте орнатылып, реттеуді қажет етпейді. Сонда да егер сіз жабдықты реттегіңіз келсе, дұрыс өлшемді сомынды бұрайтын кілтті қолданыңыз.

KWL90 типі = 19 мм

Одан кейін төменгі нұсқауларды қараңыз:

- 1 Аспапты қуат көзінен ажыратыңыз.
- 2 Араластырғыш басын көтеріп, шайқағыш немесе талқандағышты енгізіңіз.
- 3 Араластырғыш басын төмендетіңіз. Егер саңылау реттеуді қажет етсе, араластырғыш басын көтеріп, жабдықты алып тастаңыз. Шайқағыш пен К-талқандағыш тостағанның түбіне **дерлік** жанасуы керек.  
**Кілегей ұрғышы** - Мінсіз түрде ол тостаған беткейімен жанасуы қажет, солайша араластыру кезінде ол тостағанды ақырындап тазалап тұрады.
- 4 Сәйкес сомынды бұрайтын кілтті қолданып, білікті реттеу мүмкін болатындай сомынды босатыңыз. Жабдықты тостаған түбіне жақын орнату үшін білікті сағат тілінің бағытына қарсы бұрыңыз. Жабдықты тостаған түбінен алыс орнату үшін білікті сағат тілінің бағытымен бұрыңыз.

- 5 Сомынды қайта бұраңыз
  - 6 Жабдықты араластырғышқа бекітіп, араластырғыш басын төмендетіңіз. (Оның күйін тексеріңіз, жоғарыда қараңыз).
  - 7 Керек болса, жоғарыдағы кадамдарды жабдық дұрыс орнатылмағанша қайталаңыз. Одан кейін сомынды ақырын бұраңыз.
- 1 Ескерту: сомынды бұрайтын кілт тек суреттеу мақсатымен көрсетілген.

### **Қамыр құралы**

Бұл жабдық зауытта орнатылады және реттеуді қажет етпейді.

## Қүту және тазалау

- Жуу алдында әрқашан өшіріп, қуат көзінен ажыратыңыз.
- Баяу жылдамдық шығысында ② оны алғашқы рет қолданғаннан кейін май пайда болуы мүмкін. Бұл қалыпты – оны жай ғана сүртіңіз.

### **Қуат бөлігі мен шығыс қақпалары**

- Дымқыл шүберекпен сүртіп, құрғатыңыз.
- Абразивті заттарды ешқашан қолданбаңыз немесе суға батырмаңыз.

### **Тостағандар**

- Қолмен жуып, одан кейін жақсылап құрғатыңыз немесе ыдыс жуғыш машинада жуыңыз.
- Ешқашан металл қылшақты, болат жөкені немесе ағартқышты тот баспайтын болат тостағанды жуу үшін қолданбаңыз. Қаспақты алу үшін сірке қышқылын қолданыңыз.
- Ыстықтан аулақ ұстаңыз (плита, пеш, микротолқынды пеш).
- Оңай сақтау үшін 5 литрлік тостағанды 7 литрлік тостағанның ішіне салып қоюға болады. (7 литрлік тостағанның ішіне салған



кезде 5 литрлік тостағанның ішіне құралдарды салмаңыз).

### **Қондырғылар мен шашырау қорғанысы**

- Қолмен жуып, одан кейін жақсылап құрғатыңыз немесе ыдыс жуғыш машинада жуыңыз.

### **Ыдыс жуу**

- Балама түрде ыдыс жуу машинасының бетінде берілген жууға болатын ыдыстарды көрсететін суреттер кестесін қараңыз.

## **Рецепт**

### **Қара өрік маринады**

200 г. таза сұйық бал

40 г. жұмсақ қара өрік

50 мл. су

- 1 Барлық ингредиенттерді шағын ұсақтағышқа/майдалағышқа салыңыз. Түні бойына тоңазытқышқа салып қойыңыз.
- 2 Тіркемені Стационарлық миксерге орнатыңыз.
- 3 5 секунд бойына пульсирлеу функциясын қосыңыз.
- 4 Қажетінше пайдаланыңыз.

### **Тез толықситын ақ нан**

280 мл жылы су

500 г қатты бидайдан жасалған ақ ұн

8 г тез әрекет ететін ашытқы

10 г шошқа майы

5 г тұз

- 1 Жоғарыда көрсетілген ретпен ингредиенттерді жылыту тостағанына салыңыз.
- 2 Тостағанды асүй комбайнына орнатыңыз. Қамыр құралын енгізіп, миксердің басын төмендетіңіз.
- 3 Құрылғы 3-жылыту деңгейіне орнатылған күйде 1 минут бойы минималды жылдамдықпен, одан кейін 9 минут бойы 1-жылдамдықпен илеңіз.
- 4 Қамыр құралын алып тастаңыз.
- 5 Шашыраудан қорғау қалқанын орнатып, қамырды 40 минут бойы 3-жылыту деңгейінде толықсытыңыз.

## **Қызмет көрсету және тұтынушыларға кеңес**

- Құрылғының жұмысында қандай да болмасын ақаулық туындайтын болса, көмек сұрамас бұрын, нұсқаулықтағы «ақаулықтарды жою нұсқаулығы» бөлімін қараңыз немесе [www.kenwoodworld.com](http://www.kenwoodworld.com) торабына өтіңіз.
- Өнім өнімді сатып алған елдегі тұтынушы құқықтары мен кез келген бар кепілдемеге қатысты барлық заңдарға сәйкес кепілдемемен берілетінін ескеріңіз.
- Kenwood өнімі дұрыс жұмыс істемесе немесе қандай да болмасын кемшіліктер табылған болса, оны өкілетті KENWOOD қызмет көрсету орталығына әкеліңіз немесе беріп жіберіңіз. Ең жақын орналасқан KENWOOD қызмет көрсету орталығының жаңартылған деректерін [www.kenwoodworld.com](http://www.kenwoodworld.com) торабынан немесе еліңізге тән веб-тораптан қараңыз.
- Біріккен Корольдіктегі Kenwood компаниясы жобалаған және жасап шығарған.
- Қытайда жасалған.



**ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖАБДЫҚТЫҢ ҚАЛДЫҚТАРЫ БОЙЫНША  
ЕУРОПАЛЫҚ (WEEE) ДИРЕКТИВАМЕН БІРГЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӨНІМДІ ДҰРЫС  
ТАСТАУҒА АРНАЛҒАН МАҢЫЗДЫ МӘЛІМЕТТЕР**

Өз жұмысын тоқтатқан кезде, өнім қалалық қалдық сияқты пайдаға асырылмауы керек.

Ол қалдықтарды сыныптайтын қызметті атқаратын жергілікті биліктің арнайы мекемесіне немесе осы қызметті беруші сатушының орталығына жіберілуі керек.

Күн коды туралы ақпарат сіздің өніміңіздің төменгі бөлігінде немесе кестенің іші мен жанында орналасуы мүмкін. Күн коды жыл, ай кодтарынан кейін апта нөмірі түрінде көрсетіледі.

Ескертпе: Алғашқы екі сан жылға, ал соңғы екі сан апта санына қатысты болады.

Мысалы: 4-апта, қаңтар, 2021 = 21T04

Өндірушінің мекенжайы:

Henwood Limited, New Lane, Havant,  
Hampshire PO9 2NH, UK  
Шағымдарды қабылдауға өкілетті ұйым  
және импорттаушы:

“Делонги” ААҚ, Ресей, 127055, Мәскеу  
қаласы, көше Суцеская

27 үй, 3 құрылым

Тел: +7 (495) 781-26-76

Үлгі	TYPE KWL90
Кернеу	220-240В
Герц	50 - 60Гц
Біріктірілген максималды қуаты	1730Вт
Мотор	1400Вт
Жылытқыш	330Вт
Сақтау шарттары:	Температура: +5°C және +45°C аралығы Ылғалдылық: < 80%
Сақтау мерзімі	Шектеусіз.
Қызмет көрсету мерзімі	2 жыл (тауарлардың арнайы түрлері үшін 5 жыл).
Тастау шарттары	Экологиялық талаптарға сай тастау керек.
Тасымалдау шарттары	Тасымалдау кезінде лақтыруға және шамадан тыс дiрiлдеуге жол берiлмеу керек.
Сату шарттары	Сату шарттарын өндiрушi белгiлемейдi, бiрақ аймақтық, ұлттық және халықаралық ережелер мен стандарттарға сай болу керек.

## Ақаулықтарды жою нұсқаулығы

Ақаулық	Себеп	Шешім
<p>Шайқағыш немесе К-талқындағыш тостағанға соғылады немесе тостаған түіндегі құрамдас бөліктерге жетпейді.</p>	<p>Жабдықтар дұрыс емес биіктікте орналасқан және реттеуді қажет етеді.</p>	<p>Биіктікті сомынды бұрайтын кілт арқылы реттеңіз- «Жабдықты реттеу» бөлімін қараңыз.</p>
<p>Баяу жылдамдықты қондырғылар бекітілмейді.</p>	<p>Қондырғылардың модель түрімен үйлесімді екенін тексеріңіз. Бұрау Қосу Жүйесі талап етіледі. (КАХ моделі) </p>	<p>Қондырғыларды шығысқа бекіту үшін олар КАХ Бұрау Қосу Жүйесіне  сәйкес болғаны жөн. Егер қондырғыларыңыз панельді қосу жүйесіне  сәйкес келсе, онда сізге ас машинаңызда бұрап қосу жүйесін қолдану үшін орамада қамтылған КАТ002МЕ жалғастырғышын қолдану қажет. Қосымша ақпарат үшін <a href="http://www.kenwoodworld.com/twist">www.kenwoodworld.com/twist</a>.</p>
<p>Жұмыс барысында асүй комбайны тоқтайды. Дисплей E27 қате хабарын көрсетеді.</p>	<p>Аса жүктелуден қорғау немесе қыздырудан сақтау жүйесі жұмыс жасайды Максимальды сыйымдылық мөлшері асты.</p>	<p>Қуат көзінен ажыратып, аса жүктелгенін тексеріңіз. Егер машина жұмыс жасамаса, кейбір құрамдас бөліктерін жүктелуін азайту үшін алып тастаңыз да қайта қосыңыз. Егер бұл да сәселені шешпесе, қуат көзінен ажыратып, 45 минутқа қалдырыңыз. Қуат кабелін қосып, қайта іске қосыңыз. Егер араластырғыш жоғарыдағы әрекеттерден кейін қайта қосылмаса, ары қарай кеңес үшін «Тұтынушыларды қолдау» байланысыңыз.</p>
<p>Дисплей экранында E:27 кодын өзгеше әріптік/сандық қате коды көрсетіледі.</p>	<p>Құрал дұрыс жұмыс істемейді.</p>	<p>Қондырғыны өшіріп, 30 секундтан кейін қайта қосыңыз. Мәселе шешілмесе, Kenwood қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Ең жақын Kenwood қызмет көрсету орталығы мәліметтерін табу үшін <a href="http://www.kenwoodworld.com">www.kenwoodworld.com</a> торабына немесе елге тән веб-торапқа кіріңіз.</p>

Ақаулықтарды жою нұсқаулығы (жалғасы бар)		
Ақаулық	Себеп	Шешім
Шоколадты еріткенде және араластырғанда, қозғалтқыш ауыр істеп жатқандай болып көрінеді. Шоколад бөліктері кілегей шайқағыштың шеті мен тостағанның бүйір жағының арасында тұрып қалды.	Шоколад бөліктері тым үлкен немесе тым көп салынған.  Кілегей шайқағыштың биіктігі дұрыс реттелмеген.	Шоколад бөліктерінің өлшемі бірдей екеніне (2 см x 2 см) және мөлшері 300 грамнан аспайтынына көз жеткізіңіз.  Кілегей шайқағыштың биіктігін реттеңіз, «Құралды реттеу бөлімін» қараңыз.
Жылыту деңгейін, жылдамдық пен уақыт параметрлерін реттеу мүмкін емес.	Таңдалған функция реттелмеген жағдайда 10 секундтан кейін аяқталады.	Қалыпты жұмыс. Сенсорлық экрандағы функцияны таңдап, басқару дискісінің көмегімен параметрді реттеңіз.
Құрылғыда ток жоқ / дисплей экраны қосылмайды.	Құрылғы токқа қосылмаған. Қосу/өшіру қосқышы жұмыс істемейді. Құрылғы күту режиміне өтті.	Құрылғының токқа қосылғанын тексеріңіз. Қосу/өшіру қосқышын Қосу күйіне басыңыз. Дисплей экранын түртіңіз немесе басқару дискісін айналдырыңыз.
Құрылғы жұмыс істемейді.	Басқару дискісі басылмаған.	Бастау үшін басқару дискісін басыңыз.
Таймер дисплей терезесінде кері саналмайды.	Алдын ала баптаудың жылыту кезеңінде таймер қажетті температура орнамағанша немесе 5 минут өтпегенше санауды бастамайды.	Қалыпты жұмыс.
Жұмыс барысындағы ауыр қозғалыс немесе діріл.	Ыдыстағы тегіс емес жүктеме артық дірілдерге себеп болады. Максималды сыйымдылықтан асырылған. Қате құрал немесе жылдамдық пайдаланылды.	Санын азайтыңыз немесе ыдыстағы тағамды қайта реттеп, құрылғыны қайта іске қосыңыз. Дұрыс құрал мен пайдаланылатын жылдамдықты тисті бағдарламадан және ұсынылған жылдамдық сызбаларынан қараңыз.

## Ақаулықтарды жою нұсқаулығы (жалғасы бар)

<b>Ақаулық</b>	<b>Себеп</b>	<b>Шешім</b>
Дисплей экраны «- -» белгісін көрсетеді.	Таразы нөл мәніне орнатылуда.	Қалыпты жұмыс.
Дисплей экраны минуттық көрсеткішті көрсетуде.	<p>Дисплей нөлденбеді және ингредиенттер немесе тостаған алынып тасталды.</p> <p>Ингредиенттер немесе элементтер құрылғыға жабысып қалды немесе құрылғының астында қысылып қалды.</p> <p>Құрылғы қабырғаға қарсы басылады.</p>	<p>Экранды нөлдеп, жетіспеген ингредиенттерді ауыстырыңыз немесе тостағанды қайта орнатыңыз.</p> <p>Құрылғыға қарсы немесе құрылғының астында ешбір ингредиенттердің қысылып қалмайтынына көз жеткізіңіз.</p> <p>Құрылғы мен қабырғалардың арасында бос орынның бар екенін көз жеткізіңіз.</p> <p>Келесі ингредиенттерді өлшеуден бұрын дисплейді нөлдік мәнге орнатыңыз.</p>
Дисплей экраны кішігірім мөлшерлерді тіркемеуде.	Өлшенген мөлшер тым аз.	Өте аз мөлшерлер үшін шәй қасық немесе ас қасық өлшемдерін пайдаланыңыз.
Дисплей экранында салмақ өзгереді.	<p>Жұмыс барысында құрылғы қозғалады.</p> <p>Жұмыс барысында миксер басы көтерілген немесе төмендетілген.</p>	<p>Өлшеуден бұрын құрылғыны әрқашан құрғақ тегіс тұрақты беткейге орналастырыңыз.</p> <p>Қуат кабелінің керілмегеніне көз жеткізіңіз.</p> <p>Өлшеу функциясы жұмыс істеп тұрған кезде құрылғыны қозғамаңыз немесе тостағанды ұстамаңыз.</p> <p>Келесі ингредиенттерді өлшеуден бұрын дисплейді нөлдік мәнге келтіріңіз.</p>
Метрикалық және британдық бірліктер арасында ауысып отыру мүмкін емес.	Құрылғы алдыңғы таңдалған бірлік пен өлшемді көрсету үшін қайта конфигурациялануда.	5 секунд күте тұрып, әрекетті қайталаңыз.

## Ақаулықтарды жою нұсқаулығы (жалғасы бар)

<b>Ақаулық</b>	<b>Себеп</b>	<b>Шешім</b>
1) Бір рет берілетін жылдам сигнал.	1) Машинаны қосу немесе тоқтату үшін басқару дискісі басылды немесе жұмыс кезінде бас көтерілді	Қалыпты түрде пайдаланыңыз
2) Екі рет берілетін жылдам сигнал	2) Құрылғы күту режимінде — құрылғы жылы цикл аяқталғанға дейін 10 және 5 минут бұрын жылдам қос сигнал береді.	Қалыпты түрде пайдаланыңыз
3) Үш рет берілетін сигнал	3) Келесіні білдіреді: - Алдын ала орнатылған бағдарламаның аяқталуы - Қолмен басқарудың аяқталуы - Жылы циклдің аяқталуы - Құрылғы араластыруға дайын кезде	Қалыпты түрде пайдаланыңыз



**Kenwood Ltd**

New Lane  
Havant  
Hampshire  
PO9 2NH

[kenwoodworld.com](http://kenwoodworld.com)

© Copyright 2021 Kenwood Limited. All rights reserved



5720001893/4